



**БОГАТЫРЬ
КӨМІР**

Жаңаша жұмыс істеу тиімді

Біз ағымдағы жылы қаңтардың басында газет бетінде «Богатырь Көмір» компаниясында салтанатты түрде «Богатырь» кеніші әкімшілігімен бірге бес экскаватор бригадасымен жасалған келісімшартқа сәйкес өндірістік мәселелерді жедел шешуге және межеленген көрсеткіштерге жетуде қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету үшін екі тарап та өзіне міндеттеме алғанын жариялаған болатынбыз.

Өткен жылы келісімшарт жүйесіне сай қызмет еткен төрт бригадаға тәжірибелі машинист Валерий Гаас басшылық ететін ЭКГ-12 №1605 экскаватор экипажы

жабдықталған шағын «бытовканы» жатқызуға болады. Кезекші ауысым жүргізушілері бір сағаттың ішінде осын-

Жаңа экскаватор екі айлық монтаждау жұмыстарынан соң екі апта бұрын, Жаңа 2014 жылдың қарсаңында көмір забойында тұрды. Осы 12 күн бригадаға ерекше сынақ кезеңі болды: машинаны жұмыста сынақтан өткізді, оны өндіріске бейімдеп, тәжірибе жүзінде күллі мүмкіндіктерін түсініп, әлеуетін бағалап, забойда реттеу жұмыстарын жасады. Өндіріс тарихында жаңа техниканың ғана емес, бригаданың да жаңа парағы ашылды.

Экипаж он адамнан тұрады. Оның негізгі мүшелері – жұмысқа әбден машықтанған, соңғы жиырма жылда бір-бірімен қоян-қолтық еңбек етіп келе жатқан сенімді адамдар. Ең бастысы да осы. Өйткені ұжымдасып жұмыс істейтін



метр, бригададағы бұрынғы экскаватордан үш есе үлкен. Осы параметрді есепке алған «Богатырь» кенішінің басшылығы ұжымға бір жылдық тапсырманы алдын ала бекітіпті. Бригадирдің сөзіне қарағанда, жүктеменің көлемі де ауқымды: 12 айда экскаватордың орта тәуліктік өнімділігін есептегенде 15780 тонна, яғни 12 айда бес миллион тонна көмір өндіру қажет.

–Біз экипажбен осы шартты талқылап, бір шешімге келдік – жоспарды орындаймыз!–деп мәлімдеді Валерий Гаас.

Кеншілердің бұл сенімділігі келісімшартта қол қойған нақты міндеттемелерге негізделген. Кеншілер өндірістік және технологиялық тәртіпті мүлтіксіз сақтай отырып, бүкіл жұмыс ауысымында техникалық қызмет көрсетуді жүргізіп, соның есебінен берілген тапсырманы орындауға тырысты. Жаңа техниканы және оның мүмкіндіктерін игергеніне қарай біртіндеп экскаватордың

риалдарды экскаватордың керекті нүктесіне бағыттайды. Керемет емес пе! Егер қыстың аязды күндерінде осы операцияны машинистің көмекшісі қолмен атқарса, көдімгідей бейнет көрер еді.

Алайда техника толық автоматтандырылыпмаған. Шөміш, қолға ұстайтын балка, майланатын детальдар әлі күнге дейін қолмен атқарылып жүр. Бұрынғымен салыстырғанда, машинист көмекшісінің жұмысы әлдеқайда өнімді. Қайрат экскаватордың толық автоматтандырылатынына сенімді.

... Валерий Гаастың бригадасы үшін жаңа үлгідегі жұмыстың алғашқы айы да аяқталды. Нәтижесі қуанарлықтай: 2014 жылдың қаңтарында кеншілер 404 мың тоннадан астам көмір жөнелтті. Бригада да, техника да апатсыз әрі ақаусыз жұмыс істеді. Егер бригада осы қарқынынан танбаса, жылдың ая-



ұжымдасып жұмыс істейтін кез келген істе татулық, міндетті түсініп, алға қойған мақсатқа қол жеткізуге ұмтылғанда ғана оң нәтиже береді. Досыңа өзіңе сенгендей иек арту да қанат бітіреді. Осы жағынан алғанда Валерийді жолы болғыштардың қатарына жатқызуға болады. Машинистер Леонид Мясников, Виталий Харахорин, Ерлан Қапаров, Сергей Пануркевичтер – өз ісінің кәсіби шеберлері. Олар Виталиймен бірге ЭКГ-4, ЭКГ-6,3 усм бір шөмішті экскаваторда еңбек етті. Енді, міне кеншілерге ижорлық машина жасаушылар құрастырған ЭКГ-12 усм жетілдірілген және модернизацияланған тағы бір нұсқасын сеніп тапсырды. Айтпақшы, осы үлгідегі экскаватор Қазақстанға бірінші рет жеткізілді және оны «Богатырь Көмір» компаниясы сатып алды.

Валерий Гаастың экипажы тау-кен көлік жабдықтарын жөндеу зауытының арнайы бригадасымен бірлесіп 720 тонналық экскаваторды жинады. Санкт-Петербург дайындаушы зауытының өкілдері оларға техникалық жағынан қолдау танытты. Экскаваторды жинау үдерісі Александр Герасименко, Мират Сатыбаев, Қайрат Құлатаев, Бақыт Төлеубаев, Рашид Жұмашев секілді жас көмекшілерге ғана емес, кеніш ардагерлеріне де сабақ болды.

-Жаңа техниканы тізгіндеген адам менің толқынысымды жақсы түсінеді,-деп ойымен бөлісті Валерий,-кабинадан өлі зауыт сырының иісі кеткен жоқ. Көз алдындағы мониторда үлкен көрініс бар, осы арқылы электр жабдықтары мен тораптарды дұрыс және сапалы пайдалану үшін бүкіл ақпаратты ала аласыз. Экскаватордың күрделі сызбалармен жарақталғанына қарамастан оны ескі техникамен салыстырғанда, басқару анағұрлым жеңіл. Бір сөзбен айтқанда, жұмысқа жасалған жағдай толық көңілден шығады.

Жақсы жағдайға кабинадағы толық



дағы тоңазытқышта сақталған асты микротолқынды пеште жылытып, шай қайнатып, тіпті, мызғып алады. Сонымен бірге экскаваторды қарап, машина жұмырын майлауға да үлгереді.

-«Богатырьде» 1974 жылдан бері жұмыс істеймін,-дейді түскі үзілісте бригада ардагері, экскаватор машинисі Леонид Мясников,-осы жылы еңбек өтіліме 40 жыл толады. Уақыт зымырап өте шығыпты. Алғашқы еңбек жолымды жаңа машинаны монтаждаудан бастап едім, осы ретте тағы жолым болды. Менің алғашқы машинамың, 188, соңғысынан айырмашылығы жер мен көктей. Мұнда жайлы, дыбыс және түтінтұтқышы бар, ауысым кезінде тыным таппасаң да, аса шаршамайсың.

Кеншілердің «тынымсыз жұмыс істейміз» деген сөздерінің жаны бар. Біз экскаватордың жанында жүргенімізде, олар көмір забойынан самосвалдың кузовына дейін дедектеді де жүрді. Мәселен, самосвалға жүк арту үшін көмірді шөмішпен тоғыз рет алу керек екен. Бұл кезде экскаватор жебесі сағаттың тілі секілді тықылдап, бір жағынан екінші жағына он сегіз рет бұрылады. Оған қоса бүкіл ауысымда алып жүк машиналары экскаватордың жебесіне бірінен соң бірі тоқтаусыз ағылады. Осындай қарқында тынбай 12 сағат жұмыс істеу – айтар ауызға ғана оңай.

Машинист ештеңе болмағандай, жұмысын жалғастыра берді. Ал біз дәреу төменге түсуге асықтық. Мясников та қарап қалмай, біздің өндірісте шынықпағанымызды айтып, қағытып өтті.

Сырт көзге экскаватордың алып көрінетіні де рас. Оның жебесінің ұзындығы 24 метрді құрайды, көмір забойының биіктігі 21 метрге дейін өсетпелген. Шөміштің сыйымдылығы 12 тонна

экскаватордың өнімділігін де арттыра бермек.

Бұл жоспардың жүзеге асуы көп жағдайда жоспарлы жөндеудің дұрыс және өз уақытында, сондай-ақ екі тараптың келісімшартында көрсетілген міндеттемелердің орындалуына байланысты.

Қайрат Құлатаев Гаастың бригадасына бұдан он сегіз жыл бұрын машинист көмекшісінің курсы бітіргеннен кейін түскен. Техниканың апатсыз жұмыс істеуі өзіне және жолдастарына байланысты екенін өз тәжірибесінен біледі.

- Мұндайда ең бастысы, экскаватор агрегатын және торапты майлайтын нұсқаулықты сақтау аса маңызды. Бұрын машинистің көмекшісі детальдар мен мойынтіректерді арнайы шприцтің көмегімен майлау үшін көп тер төгетін,-деп жұмысымен бөлісті Қайрат,-қазір бұл тынымсыз жұмыс автоматты түрде атқарылады.

Қайратпен бірге бірнеше шағын көлемдегі сур металл шақфтары бар бөлмеге кірдік. Соның бірі – «Линкольн» деген атауы бар шетелдік майлау аппараты. Бағдарламада орнатылғандай, әр қырық минутта помпаны қосуға импульс беретіндігі көрсетіліп тұрады. Нәтижесінде адамның қатысуынсыз белгіленген қысымда майлайтын мате-



ғында кеншілер жоғары көрсеткішке жеткендігін атап өтетін болады.

Бес миллион тонна – таңғаларлық цифр! Бірақ бригада өз қажыр-қайратына сеніп отыр. Оларға көмір өндіруде еш ақаусыз жұмыс істеп, орта тәуліктік норманы орындаса болғаны. Сонымен бірге экипажды ынталандыратыны ол – келісімшартқа сәйкес ұжымдағылардың бәріне жоғары сыйақы алуға мүмкіндік бар. Өткен жылғы қорытынды нәтижесінде де мол табысқа көнелген болатын. Ендеше талпынған жетер – мұратқа дейміз де.

Василий Матвеев
Суреттерде: Валерий Гаас
келісімшартқа қол қоюда; бригадир
Валерий Гаас; бригада ардагері
Леонид Мясников
Суреттерді түсірген:
Анатолий Бутырин және автор